



# ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Ойын сценарийлері. Басты кемшілік  
– бірізділік жоқтықтан





## I.

Армысыздар. Осымен жиырмасыншы рет американдық телевизия білгірі Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабы бойынша дәріс оқуға шығып тұрмыз. Және әдеттегідей мұхиттың арғы жағынан жеткен дәрістің соңына өзіміздің де белгілі бір дәрежедегі ойларымызды қосамыз. Сөйтіп екі бөліктен тұратын дәрістің алғашқы бөлігі ойын сценарийлері хақында. Оны біраз пысықтаған соң біздің журналистер арасында түрлі сөздерді қолдануда бірізділік жоқтығы жайында өз ойларымызды ортаға саламыз.

Ойын бағдарламаларының сценарийі бір адамның басқа адамға немесе топты адамға, әйтпесе бір топ адамның әлдебір құбылысқа қатысты қарым-қатынасына негізделеді. Мұнда жанжалды сәт сақталады. Ең бастысы түрлі күштер бір-біріне қарама-қарсылық танытады.

Одан әрі сюжет қосымша оқиғалармен байытылады. Ахуал қалыптасады, дағдарыс пайда болады, қиындықтар кездеседі. Осының бәрі басты қайшылыққа қатысты кезек-кезегімен келіп жатады. Осылайша телевизияда бүкіл ойын біткенше оның шешімі белгісіз болып тұрады.

Қарсыласқан топтар бетпе-бет келіп ең болмаса бір жағында өзгеріс, яғни жеңіс немесе жеңіліс пайда болғанда ғана түйін тарқатылады. Бұл шешуші сәт деп саналады. Екі немесе бірнеше күштің бірі ғана жеңеді. Басқалары жеңіліс табады.

Осымен телевизиядағы ойын аяқталады. Бірақ одан әрі әр жақтың бастан өткендерін, қызығы мен қиындығын түсіндіру көріністері болуы да мүмкін. Оны тойдан кейінгі қонақтарды тарқату сияқты қабылдау керек.

Телевизиядағы ойынға қатысты қадамдарды «Драматургия техникасы» атты белгілі кітабында Джордж Пирс Бейкер сипаттайды. Біріншіден ойын сценарийінде драматург кейіпкердің, қатысушының бәрін бір жерге жинайды. Кейде екі топ екі жерде жиналуы мүмкін. Бірақ, басқа жаққа жиналған басқа командаға да мына жақтағымен бірдей талап қойылып, уақыт беріледі. Екіншіден, адамның немесе топтың басынан түрлі уақытта, бірақ бір жерде өткен жағдайды біріктіруге болады. Үшіншіден, екі адамның басында бір жерде бірақ түрлі уақытта өткен оқиға бір адамның да басына өтуі мүмкін. Ақыр аяғында басқа адамның басынан басқа жерде және басқа уақытта өткен оқиғаны сценаристің қалауы бойынша басқа кейіпкердің басынан да өткізуге болады.

Ойын сценарийінің құрылымында сақтандыру деген элемент болады. Бұл дегеніміз – аудиторияға алда не болатынын ақырын хабарлап қою. Бірақ ол ойынға қатысушыларды сақтандыру емес. Олар алда не күтіп тұрғаны білмейді. Ал оны білетін көрермендер кейіпкердің немесе командағының өздеріне беймәлім жағдайдан қалай шығарын асыға күтеді.

Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабына қараған телевизиядағы ойын бағдарламаларында аудиторияның бұған дейін не болғанын еске алып отыруына жағдай жасау керек. Ол өткен жағдай мен қазіргіні салыстыру үшін, кейіпкерлерді тани түсу үшін маңызды. Әлгінде былай болып едің ғой, енді қайтер екенсің деп көрермендер ойынға қатысушыға сын немесе жанашырлық көзбен қарайды. Қалай болғанда да теледидар алдында отырғандар үшін экрандағы ойынға бей-жай қарай алмайды.

Ойын бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі оның қатысушылары көрермендерге алдын ала таныстырылады. Олар бағдарлама басталмас бұрын кім екендерін байқатады. Сонда ғана алдағы сыннан немесе жарыстан қаншалықты өте алатындары көрермендерге қызығалықты болмақ.

Тағы бір қойылатын талап мұндағы тартыс өтетін локацияға қатысты. Бұл басқа бағдарламаларға қарағанда өте қымбат болуы мүмкін. Бірақ көрермендердің қызығушылығы зор екенін, соған орай жарнама көп келерін ойластырған арна қожалары мен басшылары мұндай шығынға еш сескенбестен бара алады.

Бағдарламада сценарий авторының қолында тұратын маңызды тетік бар. Бұл тетік күту ахуалы деп аталады. Адамдар ойынның немен тынарын кәдімді пойызды күткендей күтіп тұрады. Ойыншылар тағдыры баршаны алаңдатады. Роберт Хиллиард мырза кітабында олар неге қаһармандардың тағырына алаңдайды екен деп сауал тастайды. Олардың жеңіске деген ынтасы мен мүмкіндігі қаншалықты? Жеңілсе қандай себептерге қатысты жеңілді екен? Осының бәрі экран алдындағыларды толғандырады. Ойын бағдарламалары сол үшін керек.

Осындай қызығалықты тұжырыммен біз Роберт Хиллиардтың аталмыш кітабының керекті тарауын аяқтаймыз. Енді өзіміздің отандық журналистикаға қатысты сөзімізді сабақтайық. Ол журналистердің газеттегі және экрандағы сөздерінде бірізділіктің сақталмайтыны туралы мәселені қаузаиды.



## II.

Қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарында кейінгі кезді бұрынғы қалыптасқан сөздерді өзгеріп жазу мен айту сәнге айнала бастады. Бұл дертей мендеп барады, өрттей қаулап кетті. Оған қарсы қалай, қайтіп күресу керектігін белгілі ғалымдар мен қаламгерлердің өзі де таппай дал болып отыр. Қалыптасқан сөзді алдымен бір ерігіп отырған тілші өзгеріп жаза салады. Оған өзіндік дәлелін де бұтабады. Бітті сен құғыш қазақ журналистикасы жізүзеген, тіпті мындаған жылғы қолданыстағы сөзді аяқ астына өгек санайды. Сөйтіп оның орнына еріккен біреудің өзгертіп алған нұсқасын қолдануға көшеді. Оның ең басты нақ мысалы қазақтың «мен тудым» дегені еқатысты. Мұны еліміздің әр аймағында жаппай «мен туылдым» деп айту мен жазу етек алді.

Біз бұл орайда осыған қатысты өзінің пікірін білдіріп, «туылдым» деген жасанды сөзді жақтаған ғалымсымақтың мақаласымен полемикаға түспекпіз. Алдымен оның жазғанымен мұқият танысып алуымыз керек. Онда көз салайық:

«ТУЫЛДЫМ» МЕН «ТУДЫМДЫ» ТАҒЫ ТЕРЕҢ ТАЛДАЙЫҚ!! Менің бұл - екінші нұсқамам!!

«Туылғанмын» деген сөз – өткен шақтағы етістік түрі. Ал, «ТУДЫМ»ДЕГЕН СӨЗ – АУЫСПАЛЫ ОСЫ ШАҚТАҒЫ ЕТІСТІК ТҮРІ. «Туған күн» даталы сөз болғандықтан, сол күні туғандығын паш етіп «тырнақшада» жазылуы тиіс те, ал «туылдым» дегенді тырнақшаға алудың қажеті жоқ, себебі – өткен шақты баяндап тұр. Сіздер, қалай қарайсыздар, тіл мамандары!» Үзіндінің соңы.

Біз ештеңе қоспай, сол қалпы көшіріп қойдық. Тіпті, «нұсқамам» дегенін жөндемедік. «Нұсқа» мен «нұсқауды» естіп өскен қасқа едік, «нұсқама» дегенді де біліп жатырмыз. Сонау оңтүстіктен әзірге аты ауыл-аймағына танымал ғалымсымақ әлдекімнен осындай «нұсқама» келіп жатыр, қамдана бер қалың қазақ! Бұдан былай «туған күн» деген тіркесті тырнақшаға алуға тиіс көрінеміз. «Нұсқамада» солай. Айтпақшы, екінші «нұсқамада». Біріншісінде не болғанын естімей қалыппыз. Айыптымыз.

Енді осы «нұсқаманы» әлгі ғалымсымақтың әріптес құрбысы қалай қоштайды, танысып алайық. Оның ныспысы ақпарат құралында онсыз да бүркемеленген екен, көрсетіп әуре болудың қажеті шамалы. Келесі қоштау пікірге құлақ қойыңыздар:

«Туылдым о сенің туылғаныңды білдіреді, ал тудым ол сенің нәрестелі болғаның. Мысалға: мен алтыншы роддомда туылдым, мен алтыншы роддомда тудым. Қалай есітіледі, қазіргі кезде, туған күнім дейміз, ол дұрыс емес, мен нәрестелі болған күнім деген мағына беріп тұрғандай, менің туылған күнім дұрыс мағына беріп тұрады.» Үзіндінің бір бөлігі. Сосын бұл әріптесі ойланып қалса керек, былай деп жазады:

«Мен тіл маманы емеспін, бұл өзімнің пікірім.

Сәлден соң тағы ойланып, бастапқы пікіріне оралып, оны бекемдей түседі:

«Мысал: Мен туылдым оқпандатқан боранда, мен тудым оқпандатқан боранда. Қайсысы қандай мағына беріп тұр. Ал тырнақшаға келетін болсақ, оқығанда тырнақша барма жоқпа белгісіз болып қалады.»

Бұл ғалымсымақтың әріптесі тіпті сұраулы сөйлемнің сұрақ белгісі қойыларын, шылаудың бөлек жазылатынын білмейтін қасқа көрінеді. Соған қарамай тілдің күрделі мәселесіне еркін пікір білдіріп, өз көзқарастарын қызғыштай қорғауда. Мұны кезінде қазақ ақыны Мұхтар Шаханов дәл сипаттаған еді: Нәрестенің қолындағы қанжардай, ақымақтың қолындағы жомарттық» деген. Сол өлең жолдары мына жерде айна-қатесіз дәл келіп тұр екен..

Ғалымсымақтың құрбысының қойырыптағы осымен тынышты. Тәубе. Соның өзінде талай нәрсені лайлап үлгерген. Біздің балалық шақтан бері тамсана оқып, жатқа білетін өлеңімізді белінен бір таптап өткен. Қазақ әдебиетінде Ізтай Мәмбетов деген айтулы ақын өткен. Оның «Мен туыппын ақпандатқан боранда» деген ғажап өлеңі болған. Әлі күнге жатқа білеміз. Тек бас-аяғын келтіріп өтелік: «Мен туыппын ақпандатқан боранда, Кім біледі, бәлкім, әлде содан ба?! Алақұйын мінезім бар ашулы, Қапелімде басылам ба, болам ба?! Сүйе алмадың кей ашуды кешіре, Қоштас күліп, қамығасың несіне. Бұрқ-сарқ еткен ақ боранды күн болса,

Алғайсың тек сонда мені есіңе.» Өлеңнің соңы. «Туылдым» емес, «туыппын» деген Ізтай ақын. «Оқпандатқан» емес «ақпандатқан» боранда туышты. Қазақ тілінде «оқпан» деген сөз жерге қазылған немесе темірден соғылған қуысты білдіреді. Шахталарға ауа беретін немесе мылтықтан оқ шығатын тесік осылай «оқпан» аталады. Баламасы – «ұңғы» деген сөз. Боран болса мына қыздар тұратын оңтүстікте «оқпандатпаса», қазақ даласының басқа аймақтарында қыс бойы ақпандатып жатады.

Хош, бұл да жол-жөнекейдегі мәселе. Бастысы – қазақ тіліне кейінгі жылдары зорлықпен еніп келе жатқан «туылды» туралы. Өзіміздің оқпанымызды кеземес бұрын зеңбіректі іске қосалық. Біздің



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Ойын сценарийлері. Басты кемшілік – бірізділік жоқтықтан  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

жүгінеріміз баяғы Мұхтар Мағауин асылымыз:

«Туылған!.. Қазақ тілінің табиғатына жат, түйеден түскен емес, жер астынан жарып шыққандай, сұмпайы, сөлекет сөз. Заманымыздың заңғар тұлғасы, әлемге әйгілі ұлы ақынымыз Мұнхаузен пәленбайыншы жылы туылған. Ол туылған, мен туылғам, сен туылғансың!.. Сұмдық қой. Тіл бұзу ғана емес, түйе-долаң сауатсыздық көрінісі. Арыдағы мың жылдық эпостарымызды айтпайық, қазақ әдеби нұсқалары таңбаға түскен соңғы екі ғасыр бойы... Абай... Шәкерім... Мұхтар Әуезов... Мысал келтіріп, дәлелдеп жатудың өзі артық болар еді. «Туғанда дүние есігін ашады өлең...». «Бар – қартаймақ, жоқ – тумас, туған – өлмек...». «Анадан алғаш туғанда – Жыладым неге дауыстап...» «Мен 1897 жылы... Шыңғыстауда тудым». Қалыптасқан ауызекі тіліміз тұрыпты, арғы-бергі жазба нұсқалардың өзінен мың сан мысал келтіруге болады. Сөз білетін, жөн білетін ағайындар кейіспен, ренішпен жазып та жатты. «Туылған» бейбақ кең дүниеге жаңа келген, шамасы бұдан бес-алты жыл бұрын. Одан кейін және дәп бүгінгі күні. Ешқандай нәтиже шықпады. «Туылған» жұрттың берік сенім, нақты дәлелі бар. Қалай айтсаңыз да бұрынғы қазақ білмеген, жазарман атаулы жаңылысқан. Бала өз еркімен, өзінен өзі тумайды ғой! Туылады! Анасы туады. Міне, керемет. Мал – ұрғашы мал ғана туады. Әйел – табады. Бұрынғының анасы. Бес бала тапқан, он бала тапқан. Қазір де жалғыз-жарым баласын. Басқасын жиып қойғанда, өткен замандарда ешкім олай айтқан жоқ, олай жазған жоқ. Дәп осы арада ешқандай қисыны келмейтін ырықсыз етіс емес, қазақ тілінің грамматикалық ішкі заңдылықтарына сәйкес қалыптанған есімше сөз. Бұрнағы берік тұрғы, кейінгі ақылға сыйымды лепес атаулыны жиып қойдық. Жағалай «туылып» жатыр. Жекелеген қолданыстан озып, жаппай қатарға енді. Қазіргі қазақ сайттарының бәрі дерлік, ағымдағы баспасөздің көпшілігі, тіпті, кейбір, әжептәуір саналатын жазушылардың өзі тынымсыз «туылуға» көшкен. Ақыры, егемен еліңнің шекарасынан өтіп кетті. Бұл жақтағы алаштың жақсысын танымай, жаманын қасиет тұтатын қытай қазақтарына барып жетті, және мен қадағалап отыратын сайттарында жаппай қолданысқа түсті. «Туылғанға» дауа жоқ екен. Ендеше, келесі саты – «өлінген!». Адам әдетте өз ырқымен өлмейді ғой. Ауру-сырқау ма, көлденең пәле, немесе аштық пен кәрілік пе – «өлінеді!». Абай: «Адам жылап туады, кейіп өледі» – деп еді, Шәкерім қажы: «Туған жан өлмек, – Тағдырға көнбек!» – деген, ал күні кешегі Қасым: «О дариға, алтын бесік туған жер!.. Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем, – Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім...» – мүлде қате: «...Жылап туылады, кейіп өлінеді», «Туылған жан өлінбек», «Туылған жер... Сенде туылдым, сенде өлінсем...» – деп айтулары шарт екен. Уақа емес, келесі бір басылымдарда түзетеміз! Ендеше, бүгінгі білікті қаламгер тіршілігінде, яғни өлінгенге дейін өзінің бар жазуына ие болуы керек. Оның ішінде біз де. Кейбір жеке басылымдарда, тіпті, ғұзырлы редактор ғана емес, еркін ойлы, білгір корректорлар сөйлемінді ондап, сөздерінді түзетіп жатыр, осы ретпен сен де бір күні «туылып» шығуың әбден мүмкін. «Туылған» жанның «өлінбегі» хақ болса, әзірге жаңаша түрленбей тұрған «тіршілігінде» шамаң келсе, қаптай «туылған» сөз жөндеттерінен сақтанып, бар жазуыңды қызғыштай қорып отыру қажет сияқты. Жалғыз біз емес, жазатын, жазбайтын, әйтеуір шөлдіріксіз, түзу сөйлей алатын, басы тұнық барлық жұртқа қатысты лепес. Сонымен, қыжыртпай айтсақ, «туылған» – тіл мәдениетінің айна-қатесіз жаңа бір өлшемі: «туылған» жүрген жерде сауат та, түйсік те жоқ, қара қасқа надандық қана бар. Ең сыпайы сөзіміз деп біліңіз.» Үзіндінің соңы.

Мұқаң сыпайылап сипаттаған қара қасқа надандықтың белгісі «туылған» туралы енді өз ойымызды қоса кетелік. «Туылған» деп жасанды сөз шығару – бүкіл қазақ әдебиетін, тілін құртудың қадамы. Бұл аждаһа бірден-ақ сауық кештерінде, сахнада айтылатын «Сен туған күн, мерекеміз, Ән бастайық, кел екеуміз» дейтін Шахановты Шәмшімен қоса құрдымға аттандырмақ. «Мен туыппын ақпандатқан боранда» деген Ізтайды мана із-түссіз қылғанын көрдік.

Боранда туғанның және бірі Жамбылды да жоқ ету керек екен. «Қақаған қар аралас соғып боран, Ел үрей, көк найзалы жау торыған. Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын, Жамбыл деп қойылыпты атым сонан.» Ғылымға «жаңалық» енгізіп жатқан екі қарындас үшін жаза кетелік, Байғара, Жамбыл, Хан – таудың аттары. Былтыр ғана Жәкеңнің мерейтойы кезінде тура осы өлеңіне телевизиялық бейнебаян түсіргенбіз, сонда «туыппын» деп жазып, оқытқанымыз үшін біздің басымыз да дауға ілінбек енді. Қара басқан жерімізді қарашы.

Абай, Шәкерім, Мұхтар, Қасымның басына осы бір сөз арқылы қалай қара бұлт үйіргенін Мұхтар әлгінде қозғап өтті.

Тұманбай да тапталмақ. «Алатаудың етегінде туыпсың, Ақ жүзінді тау суына жуыпсың» дегені үшін жазықты. Тағы бір Молдағалиев сызылмақ. Жұбан. Анау-мынау емес, КСРО Мемлекеттік сыйлығын алып еді, қайтерсің. «Туады ерлер ел үшін...» немесе «мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» дейді. «Туылады ерлер» мен «мың өлініп» десе, сау басына сақина тілемес еді.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Ойын сценарийлері. Басты кемшілік – бірізділік жоқтықтан  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Жақанов та жайпалып қалды. «Ақпан» мен «оқпан» арасында адасқан Оңтүстіктің қыздары үшін түсінікті етіп жазайық, Шаханов емес, Жақанов. Ілия деген ағамыз. «Ай туып, жұлдыздар жанғанда, Қол создым көктегі арманға» деп жазып, әндеткені үшін. «Ай туылып» десе репрессиядан аман қалар ма еді, қайран ағамыз!

Сонымен айтпағымыз не, ағайын? «Туылғанды» түріп қуып шығу керек. Онсыз бүкіл қазақ әдебиеті құрдымға кетпек.

Келесі шатастыру ӨКІМЕТ пен ҮКІМЕТ сөздерін бір-бірімен ауыстырып қолдануға қатысты. Оның мысалын республикалық басылымдардың бірінен таптық. Біз бұрыннен білетін әрі құрметтеп, сыйлайтын журналист бауырымыздың жазбасын оқыдық. Былай депті: «Жаңа мақал ойлап табайық. Мен бастаймын, сіз қоштаңыз: «Қосылғанның - қолы ұзын, Қос Үкіметтің - жолы ұзын...»

Айтпақ ойын түсіндік. Қазақстанда 2019 жылғы 19 наурыздан кейін қалыптасқан саяси жағдайды мезгеген екен. Тек, бір жәйтті шатастырып алған. Бізде әрқашан үкімет біреу еді. Оны мына жазба ақпарат құралына жарияланған кезде Мәмин Асқар басқарып тұрды. Жалпы осы Асқардың қазақы ортада туған әкесінің аты Мәми екені даусыз, орысша Мами деп жазылған шығар. Демек дұрысы Мәмиев болуы керек. Біздің биліктің өзінде Мәми деген ақсақалдардан тараған ұрпақтар бір жерде Қайрат Мәмиев деп жазылса, екінші жерде Асқар Мамин болып жүр. Осыған да бірізділік керек еді. Бірақ ешкім оған басын ауырта қоймайды.

Ал қазақ жерінде 2019 жылғы 19 наурыздан кейін өкімет аяқ астынан екеу болып кеткені тағы шындық. Елбасымыз бар, және президентіміз бар.

Біз өз дәрістерімізде саясатпен айналыспаймыз. Онда шаруамыз шамалы. Тек журналистер алдағы уақытта «өкімет» сөзі мен «үкімет» сөзін эфир пен газет беттерінде шатастырып, ауыстырып қолданбауын тілейміз. Сонымен мына дәрістерімізде журналистердің есіне саламыз: «үкімет» - «правительство» да, өкімет – «власть». Түсінікті тілмен айтқанда, үкімет – орындаушы билік бұтағы да, өкімет - түбірі байқатып тұрғандай бұйырушы билік бұтағы болады. Бұл екеуін ешқашан ауыстырмау керек. Бірінің орнына екіншісін қолдануға болмайды.

Осы дәрісімізде тағы бір келеңсіз құбылысқа тоқталғымыз келеді. Соңғы жылдары жалған ұялшақтық па, әлде жәдігөйлік пе әйтеріп қазақтың байырғы істеді деген сөзінне ат тонын ала қашу жаппай етек алды. Бұл істеді деген сөзде тұрған қандай сөкеттік барын білмедік. Жүсіпбек Аймауытов, Мұқтар Әуезов, Тәкен Әлімқұлов, бербібек Соқпақбаев шығармаларындағы істеді деген сөз енді қоғаға керексіз, ұятты болып қалыпты-ау. Бұл өте күлкілі, бәлкім аянышты жәйт еді. Манағы «тудым» сөзінен безіп шыққан сияқты енді «істедім» деуден қашатын болыпты. Сондықтан мұны да еріксіз өзіміздің дәрісімізде талдап беруді парызымыз санаймыз. Мынау бір азаматтың әлеуметтік желіде бір министрге жазған ұсынысы. Ұсыныс беруші университетте оқыған, онысы шамасы, Шығыс Қазақстандағы мемлекеттік университет болуы керек. Ұсыныстың саяси мәні жеке әңгіме екен, оған тоқталмаймыз. Біз «Қайнар Олжайдың дәрістерінде» саясатты сараптамаймыз, тек мәтіндегі олқылықтар мен әріптік емес, типтік қателерді талдаймыз. Сонымен бұл азамат жасаған ұсыныс мәтінінің бас жағына көз салайық:

«Еліміздегі заңсыз жұмыс жасап жүрген шетел азаматтарын елден шұғыл түрде шығарыңыз! Елімізге заңсыз шетел азаматтарын әкеліп, оларға «крыша» болып ақша жасап жүрген алаяқтарды заңға тартыңыз! Қазір елімізде шетелдік мұнай компанияларында, зауыттар мен құрылыстар және тағы басқа мекемелерде жүздеген мың шетелдіктер заңсыз жұмыс жасайды.»

Қазақ тілін бұрмалауға құмарлар кейінгі жылдары неге екенін «істейді» деген сөзді айтуды қойды. Тек «жасайды» деп сөйлеп, жазуға көшті. Екеуі екі түрлі етістік, әрі әрбірінің қолданылатын орны бар екенін ескертуден біз де жалықпадық.

Құбылыс болса істеледі: «жұмыс істеді», «мына шаруаны істеп тастайық», «бір пайдалы нәрсе істегім келеді» дегендей. Зат болса жасалады: «домбыра жасады, жиһаз жасап береміз» дегендей. Ендеше, жұмысты жасамайды, істейді. Өкінішке қарай бір ақпарат құралында бас редактор болып отырған біздің қолымызға министрліктер мен басқа да мемлекеттік органдардың түрлі баспасөз баяндары мен баяндамалар жиі ілігеді. Солардың бәрінде кейінгі кезде тек «жұмыс жасады» деп жазылғанын көргенде амалсыз басымызды шайқаймыз.

Кейде ауыл арасындағы, тіпті одан да шағын ортадағы сөздерді баспасөз бетіне, басқа да ақпарат құралдарына шығарып қоятындар бар. Оларға әлеуметтік желі деген тіпті рақат болды. Тілді бұрмалаудың небір сорақы көріністері осында кетіп жатыр. Біз әлеуметтік желіден бала күндері күлкілі әрекетпен жарысқан екі достың, кейін бір-бірінің байлығын көре алмайтын бәсекелестерге айналғанын суреттейтін жақсы жазба оқыдық. Тағылымы бар, ой салады. Оқиғасы бар, қызық оқылады. Тек мына жеріне тіксініп



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Ойын сценарийлері. Басты кемшілік – бірізділік жоқтықтан  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

қалдық: «Барлық балалар екеуінің екі жағына тұрып алып «айдақтайтын», ысқырып жошытатын. Екеуін алма-кезек мақтап ешіртетін.»

Тәп-тәуір мақаланы, тіпті әңгімені деуге болады-ау, осы екі сөйлем кері кетіріп тұр екен. Анықтай түссек, әрбіріндегі жеке сөз. Біріншісінде – «жошытатын», екіншісінде – «ешіртетін».

Осы сөздерге қарап автордың қазақ даласының қай аймағында туып-өскенін қапысыз білесіз. «С» әрпінің орнына «ш» әрпімен сөйлейтін шымкенттік, түркістандық, сарыағаштық, келестік, жетісайлық достар бізде көп. Журналистер арасында да бар. Жай тілдескенде «мышық» пен «ешек» дей береді. Бірақ, жазғанда барлығы «мысық» және «есек» деп жазады. Өйткені, әдеби норма – біреу. Одан шығуға болмайды. «Біз жақта есекті «ешек» дейміз» деп, түрлі сөздердегі «с» әрпін тегіс «ш» әрпіне бұра берсе ортақ тілден не қалмақ? Онда үш-төрт ұрпақтан кейін бір аймақ екіншісін түсінуден қалады ғой.

Енді мәтінге оралайық. Қазақтың «жосық» деген сөзі «жошық» деп жазу тұрмақ, айту – қате. Ежелден қалыптасқан «жөн-жосығы» деген қос сөз бар. «Жосып кетті», «жосыды» деген етістіктер бар. Бұдан әрісі – «жосытатын», яғни бас ауған жағына жіберетін деген мағынадағы етістік қой. Автордың айтпағы да осы болар.

Сол сияқты «есіртетін» деген етістікті неге «ешіртетін» деп бұрмалап жазғаны түсініксіз. «Есір» мен «есірік» – ақылы аздығынан мақтанатын адамдарды сипаттайтын сөз. «Есіру», «есірді», «есірген» деген сияқты етістіктері бар. Одан «есіртетін» туындайды. Бірақ, «ешіртетін» емес. «Ешіретінге» еш кешірім жоқ.

Тіл алдымен тазалықты қалайды. Жас кезімізде «Лениншіл жас» газетінде қызмет атқарғанымызды жиі айтамыз. Сонда бізбен бірге осы күні белгілі ақын болған азамат қызмет етті. Ол кезекті мақаласына бір аймақ қана түсінетін сөз қосқаны үшін біртуар редактор Сейдахмет Бердіқұловтан қатты сөз естіген. Редакторымыз ренжіп тұрып әлгі жас ақынға «қазақ тілі сенің аяғыңа іліп алып балшық кешіп кететін шарқайың емес» деген. Қазір қайда, тілді қандай тьбатпаққа түсіргенімізді сол Сейдахмет жарықтықтың көрмей кеткені де дұрыс болған сияқты.

Тілдегі бұрыннан бар жатық сөздердің орнына түсініксіз тосын сөздерді еңгізіп жіберетіндердің қатарында түрлі минситрліктердің баспасөз қызметі мен аудармашылары да тұр. Журналистер олардың дұрыс аудармаған сөздерін кері қайтарып, тілдің тазалығы үшін күресу орнына сол дүмбілез аудармаларға жатып келіп жабысады. Өз сюжеттері мен мақалаларында қолдағанды. Соның кесірінен байырғы дұрыс сөздер ұмытылып, орнын әлдекімдер табан астында тудырған жасанды сөздер арам шөп секілді жаппай басып қалады. Мұның да мысалы жеткілікті. Біз тек біреуін дәрісімізге қостық. Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудармашыларының қолынан шыққан, қазақшасы шалағай, шалағай емес-ау дөрекіаударма. Алдымен оның мәтінмен танысып алайық:

«Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесі: ...6. Жапсырмалау жануардың құлағына жапсырма бекіту және оны құлақтың ішкі жағынан ортасына қарай, мүмкіндігінше оның түбіне жақын орналастыру жолымен жүзеге асырылады. Жапсырмада осы Ереженің 7-тармағына сәйкес жеке нөмірі көрсетіледі. Ірі жануарларға екі құлағына бір-бірден бірдей екі жапсырма бекітіледі (бір жеке нөмірмен), ұсақ жануарлардың, оң құлағына бір жапсырма бекітіледі. Жапсырма жануардың бүкіл тіршілік етуі бойында шешілмейді.»

Журналист досымыз сонау Ақтөбеден осылай дабыл қағып отыр.

Өзіміз де кеңес заманында ауыл шаруашылығы саласында еңбек етті. Онда малды сырғалайтын. Яғни әр малдың өзінің нөмірі болатын. Сол дәстүр қайта оралыпты. Хош. Сары белгі түрінде. Сол баяғыдай малдың құлағына тағылады. Енді оны жапсырма дегеннен не ұқтамыз? Одан дәстүрлі де түсінікті «сырға» сөзі анағұрлым әдемі емес пе? Мына пікіріміз ауыл шаруашылығы министрлігінің құлағына «алтын жапсырма» болсын деумен тынамыз.

Енді министрліктің әлгі құжаты мен кәдімгі қазақ тілі арасына сөздік жасайық, қарап отырмай. Біріншісі: «ауыл шаруашылығы жануарлары» дегені - мал. Екіншісі: «жапсырмалау» дегені - сырғалау. Үшіншісі: «жапсырма бекіту» дегені - сырға салу. Төртінші: «оны құлақтың ішкі жағынан ортасына қарай, мүмкіндігінше оның түбіне жақын орналастыру жолымен жүзеге асырылады» деген мүлде қисынсыз тіркесі қазақша- ол құлақ қуысының түп жағына салынады. Бесінші: «Ірі жануарларға» дегені қазақша - ірі-қараға. Ал. «ұсақ жануарлардың» дегені ата-бабамымыздың сөзінше - қой-ешкінің. Ақыр аяғында «жануардың бүкіл тіршілік етуі бойында» дегенін біз өзіміздің «бүкіл тіршілік етуіміз бойында» қазақша аударма алмайды екенбіз. Қолымызды көтердік. Осымен кезекті дәрісіміз тәмам.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Ойын сценарийлері. Басты кемшілік – бірізділік жоқтықтан  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

---

### **Жиырманшы сабақты пысықтау:**

Тілде ежелден бар сөздерді өзгертіп жазу жаппай әдетке айнала бастады. Туылған деген тұрпайы сөзге айтулы қаламгер Мұқтар Мағауин бастап қарсы шықты. Ауыл арасында бұрмаланып айтылатын сөздерді телеарна эфирінде қайталауға, газет бетінде жазуға жол жоқ.

Журналистер мемлекеттік органдардағы аудармашылардың ойдан шығарған жаңа сөздерін қолданбай, оның орнына ұлттық ұғымға сай сөздерді пайдаланғандары жөн.